

## Абайдың қара сөздері

### БЕСІНШІ ҚАРА СӨЗ

Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпейді, бойды шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады. Қазақтар: «Ә, Құдай, жас баладай қайғысыз қыла гөр!» деп тілек тілегенін өзім көрдім. Онысы - жас баладан гөрі өзі есті кісі болып, ескермес нәрсесі жоқсып, қайғылы кісі болғансығаны. Қайғысы не десен, мақалдарынан танырсың: әуелі - «Түстік өмірің болса, күндік мал жи», «Өзінде жоқ болса, өкең де жат», «Мал - адамның бауыр еті», «Малдың беті - жарық, малсыздың беті - шарық», «Ер азығы мен бөрі азығы жолда», «Ердің малы елде, еріккенде қолда», «Берген перде бұзар», «Алаған қолым - берген», «Мал тапқан ердің жазығы жоқ», «Байдан үмітсіз - құдайдан үмітсіз», «Қарның ашса, қа-ралы үйге шап», «Қайраны жоқ көлден без, қайыры жоқ елден без» деген осындай сөздері көп, есепсіз толып жатыр.

Бұл мақалдардан не шықты? Мағлұм болды: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, мал үшін қам жейді екен, бірақ ол малды қалайша табуды білмейді екен, бар білгені малдыларды алдап алмақ яки мақтап алмақ екен, бермесе оныменен жауласпақ екен. Малды болса, әкесін жаулауды да ұят көрмейді екен. Әйтеуір ұрлық, қулық-сұмдық, тіленшілік, соған ұқсаған қылықтың қайсысын болса да қылып жүріп, мал тапса, жазалы демесек керек екен. Бұлардың жас баланың ақылынан несі артық? Бірақ, жас бала қызыл ошақтан қорқушы еді, бұлар тозақтан да қорықпайды екен. Жас бала ұялса, жерге ене жаздаушы еді, бұлар неден болса да ұялмайды екен. Сол ма артылғаны? Қолымыздағыны үлестіріп талатпасақ, біз де өзіндей болмасақ, безеді екен. Іздеген еліміз сол ма?



## МҰРАТ ӘЙТЕНОВ - «Nur Otan» ПАРТИЯСЫНЫҢ ШЫМКЕНТ ҚАЛАЛЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

«Nur Otan» партиясы басшылығының аймақтарға сапары осы аптада еліміздің Оңтүстік өңірлерінде жалғасты, - деп хабарлайды Орталық аппараттың баспасөз қызметі. Партия Төрағасының Бірінші орынбасары Бауыржан Байбек 24 ақпан күні Шымкентке ат басын тіреп, қаладағы бірқатар проблемалық нысандарды аралады. Сондай-ақ, кезектен тыс өткен конференцияда қала әкімі Мұрат Әйтенов партияның Шымкент қалалық филиалының төрағасы болып сайланды. **Жалғасы 3-ші бетте**

## ЭЛ - ФАРАБИДІҢ ІЗІМЕН...



Өзбекстанда “әл-Фараби әлемі” атты деректі фильм түсірілді. Өркениет шырақшысын ұлықтайтын осынау жобаның жүзеге асырылуына ықпал танытқан Өзбекстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне Алғысымызды білдіреміз. Түркістандық және шымкенттік делегаттар сапарының алғашқы күнінде Ташкент қаласындағы Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың және “жарты әлемді билеген” Әмір Темір ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, Өзбекстанның тарихи

мұражайында әлемнің екінші ұстазының өмір сүрген ғасырымен сақталған мәдени мұралармен танысты. Сондай-ақ, жоба әл-Фарабидің бірнеше кітап жазуына түрткі болған және жұмыс жасаған рухани ордасы Самарқандта жалғасты. Өзі туган Отырар топырағымен тығыз байланысты Фараби тұлғасы қай азамат үшін де үлгі. “Екінші ұстаз” деген шулы аты ғана емес, еңбектерін қалың халыққа жеткізу - басты мақсат. Бір даналық сөз - бір қайырымды іс!

## ТАҒЗЫМ ЭСТАФЕТАСЫ - ШЫМКЕНТТЕ

Биыл Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 75 жыл толып отыр. Осыған орай, ҚР-ның Ішкі істер министрі Е.З.Тұрғымбаевтың шешімімен «Біз - Жеңістің мұрагеріміз!» атты эстафетасы өтуде. Аталмыш эстафета республикалық маңызға ие 3 қала мен облыстық деңгейдегі 14 қалада орындалатын болады. Алғашқы болып Алматы қаласында бастау алған игі іс бұл аптада Шымкент қаласында өз жалғасын тапты. Жеңістің 75 жылдығы аясында ұйымдастырылған эстафетаға даңқты панфиловшылар дивизиясының жауынгерлік туының көшірмесі әкелінді. Тудың түпнұсқасы Алматы қаласындағы мұражайда сақталған. Дәл осындай құндылықтарымен ерекшеленетін бұл эстафета 5 ақпаннан басталып, Қазақстанның үшінші мегаполисінде жалғасын тапты.

Тағзым эстафетасы Ұлы Отан соғысында Отанын жанқиярлықпен қорғаған қазақстандық жауынгерлердің ерлігіне құрмет көрсету, есімдерін ел есінде сақтау мақсатында ұйымдастырылды.

Еске алуға жиналғандар Мәңгілік алау кешеніне гүл шоқтарын қойып, бір минут үнсіздік жариялады. Жиын барысында ҚР Ұлттық ұланы оңтүстік өңірлік қолбасшысының орынбасары, полковник Ниязтай Алпешов пен Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Нұрсаяды Ерғешбек, соғыс және еңбек ардагерлері сөз алды.

Жиынға Ұлы Отан соғысының ардагері



Халел Атантаев та келген. Жасы 100-ден асқан ақсақалдың өскелең ұрпаққа айтар тілегі көп. Біздің басымыздан өткен қиындықтар жас буынның тағдырына жазылмаса екен дейді. Ең бастысы соғыс болмай, тек бейбіт күн кешсек деген арманы бар.

Республика деңгейінде ұйымдастырылып

отырған бұл эстафетаның маңызы - жас ұрпақтың бойындағы патриоттық сезімді оятуға негізделген. Сондай-ақ, жылдар бойы халқы мен жері үшін аянбаған батырларымыздың ерлік істерін насихаттау. Жас буынды отансүйгіштікке тәрбиелеу болып табылады.

Жанар ӘУЕЗ

Тағайындау



Дархан КЭЛЕТАЕВ -

Қазақстан Республикасының Украинадағы Төтенше және Өкілетті Елшісі

Мемлекет басшысының Жарлықтарымен Дархан Аманұлы Көлетаев Қазақстан Республикасының Украинадағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне, Қазақстан Республикасының Иордан Хашимиттік Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі Айдарбек Ануарбекұлы Тұматов Қазақстан Республикасының Ирак Республикасындағы, Палестина мемлекетіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін қоса атқарушы қызметіне тағайындалды.

Алмасбек МАМЫТБЕКОВ -

Шымкент қаласы әкімінің орынбасары



Бүгін Шымкент қаласы әкімінің өкімімен қала әкімінің орынбасары болып Алмасбек Кеңесбекұлы Мамытбеков тағайындалды.

Алмасбек Кеңесбекұлы 1969 жылы туылған, білімі жоғары, мамандығы бойынша география-биология пәніндегі оқытушысы, экономика және бизнес маманы.

Еңбек жолын 1994 жылы «Қазақстан» жастар орталығының менеджері болып бастаған А.Мамытбеков 1994-2005 жылдар аралығында Шымкент қаласының бірқатар басқармаларында бас маман, бөлім бастығы қызметтерін атқарған.

Бұдан бөлек, Оңтүстік Қазақстан облысы ішкі саясат басқармасының бастығы, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің бас инспекторы, «Nur Otan» партиясы Оңтүстік Қазақстан облысы филиалы төрағасының бірінші орынбасары, ОҚО Ордабасы ауданының әкімі және Түркістан облысы еңбек инспекциясы жөніндегі басқарма басшысы - Түркістан облысының Бас мемлекеттік еңбек инспекторы қызметтерін атқарған.

АСҚАР МАМИН ҮКІМЕТТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ



ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында бизнес ахуалды жақсарту шаралары қаралды.

Аталған бағытта атқарылып жатқан жұмыстар туралы ҚР ұлттық экономика министрі Р. Дәленов, «Атамеке» ҰКП басқарма төрағасының орынбасары Ә. Жұмағазиев және ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – қаржы министрі Ә. Смайылов баяндалды.

ҚР-да кәсіпкерлікті қолдау «Бизнестің жол картасы», «Еңбек» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламалары аясында жүзеге асырылуда.

2019 жылы ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі 29,5%-ды құрады. Өткен бес жылда өкімшілік кедергілерді және бизнестің түрлі операциялық шығындарын қысқартуға бағытталған заңнамалық бастамалардың 7 пакеті қабылданды.

Қабылданған реформалардың нәтижесі – Қазақстанның бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша Дүниежүзілік банктің «Doing Business» рейтингінде өлемнің 190 мемлекетінің арасында ТОП-25 үздік елдің қатарына кіруі болды.

Бұл аптада кімдер туылған?

27.02.1951 Момбек ҚОЗЫБАҚОВ Аймақтық әлеуметтік педагогикалық университетінің құрылтайшысы

27.02.1960 Ирина БОЛДИНОВА Шымкент қалалық мәслихатының депутаты

28.02.1971 Маржан ЕСЖАНОВА Б.Өтеп атындағы дарынды балаларға арналған «Өнер» мектеп-интернатының директоры,



Құрметті туылған күн шелер! Сіздерді «Айғақ» газетінің ұжымы туған күндеріңізбен шын жүректен құттықтайды!



Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 1 наурыздағы Жарлығымен Ассамблея Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылды.

Оған этносаралық қатынастарды дамыту және нығайту жөніндегі жұмыстарды ведомстворалық үйлестіру жүктелген.

ҚХА өзінің 25 жылдық белсенді жұмысында орасан біріктірушілік және зияткерлік әлеует жинақтап және халықтық дипломатия институты үлгісіне бейімделе отырып, ұзақ даму жолынан өтті.

Жалпы алғанда негізінен Ассамблея жұмысының арқасында біздің елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей моделі, әрбір азамат этикалық және діни ерекшелігіне қарамастан Конституцияда кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен бостандықтарын толық пайдалана алатындай ерекше сенім, ынтымақ, өзара түсінік ахуалы қалыптасты.

Республикада еліміздің барлық этносарының мәдениетін, тілін, дәстүрін дамыту үшін қажетті жағдайдың бөрі жасалған. Ассамблея қызметі Қазақстанның этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешетін ел ретіндегі халықаралық беделін арттыруға ықпал етеді.

Саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, мемлекеттік және азаматтық қоғам институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру болып табылатын мекеме.

Ассамблеяның мақсаты – қазақ халқының топтастырушылық рөлін арқау

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНА - 25 ЖЫЛ!

ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық бірлікшілік және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде республикадағы этносаралық келісімді қамтамасыз ету.

Ассамблеяның негізгі міндеті – этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттылықты одан ері нығайту үшін қолайлы жағдай жасау, ел бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамының негіз қалаушы құндылықтары бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту. Сонымен қатар, Қазақстан халқы Ассамблеясы мемлекеттік органдарға экстремизм мен радикализм көріністеріне қарсы әрекет етуге, азаматтардың демократия нормаларына негізделген саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыруға көмек көрсетеді. Ассамблея этномәдени бірлестіктердің күш біріктіруін қамтамасыз етеді, этно мәдени орталықтардың, Қазақстан халқының ұлттық мәдениеттері, тілдері мен дәстүрлерінің өркендеуін, сақталуын және дамуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне — Елбасына Қазақстан халқы Ассамблеясының өмірі бойы басқару құқығы тиесілі. Ассамблея құрылымдық жағынан Ассамблея сессияларынан, Ассамблея кеңесі мен Хатшылығынан, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ассамблеяларынан тұрады.

Жалпы алғанда негізінен Ассамблея жұмысының арқасында елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей моделі, әрбір азамат этникалық және діни ерекшелігіне қарамастан, Конституцияда кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен бостандықтарын толық пайдалана алатындай ерекше сенім, ынтымақ, өзара түсінікті ахуалы қалыптасты.

Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің құрылған кезінен бастап орасан біріктірушілік және зияткерлік әлеует жинақтап және халықтық дипломатия институты үлгісіне бейімделе отырып, ұзақ даму жолынан өтті. Еліміздегі 100-ден аса этностың басын біріктіретін бірегей құрылым тұрақтылықты сақтап, республиканың ілгерілеуі дамуы үшін маңызды рөл атқарады. Қазақстан халқы Ассамблеясы бүкіл әлемге Қазақстанның этносаралық қатынастар саласында жүргізіп отырған саясатының табысты екенін паш етіп келеді.

Республикада Қазақстанның барлық этносарының мәдениетін, тілін, дәстүрін дамыту үшін қажетті жағдайдың бөрі жасалған. Ассамблея қызметі Қазақстанның этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешетін ел ретіндегі халықаралық беделін арттыруға ықпал етеді. Assembly.kz – мен ықшамдаған Аруна ПЕРНЕБЕК.

БАУЫРЖАН БАЙБЕК ШЫМКЕНТ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ МӘСЕЛЕСІНЕ НАЗАР АУДАРДЫ



Бауыржан Байбек жұмыс сапарын қала әкімімен бірге Шымкенттің Абай ауданындағы М. Водопьянов көшесінің өткен жылы үйлері өртенген тұрғындарымен кездесуден бастады. Бұл проблемалық нысан партия төрағасы Бірінші орынбасарының алдыңғы сапарының қорытындысы бойынша қыркүйекте партиялық бақылауға алынған болатын. Қазіргі уақытта «Отау строй» құрылыс компаниясы тұрғын үйдің іргетасын қалап, екінші қабатына құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуде.

«Елбасы айтқандай, «Nur Otan» – нақты істердің партиясы. Сондықтан, осы мәселені бақылауда ұстап, арнайы келіп, өздеріңізбен кездесіп отырыңыз. Өздеріңіз көріп отырсыздар, компания бар, қаражат бөлінген, құрылыс жүріп жатыр. Бұл мәселе партияның бақылауына алынған. Бізбен бірге қала әкімінің өзі келіп отыр. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген. Бөрі заң шеңберінде шешіледі», – деді Бауыржан Байбек. Жергілікті биліктің мөлметіне қарағанда, 5 қабатты тұрғын үйдің құрылысына жуырда бюджетті нақтылау кезінде қажетті қаражат бөлінеді. Тұрғын үй жыл соңына қарай пайдалануға беріледі.

ішінде шағын аудандағы жолдардың сапасына қатысты мәселелерді ортаға салды. Жергілікті биліктің айтуынша, көктемде осындағы бірнеше көшені жөндеу жұмыстары басталады. Сонымен қатар «Nur Otan» партиясы төрағасының Бірінші орынбасары жұмыс сапары барысында Шымкент қаласының белсенді тұрғындарымен, зиялы қауыммен, жастармен және үкіметтік емес ұйым өкілдерімен бірнеше кездесу ұйымдастырып, қаланың өзекті мәселелерін бірлесіп талқылады. Олардың қатарында қаланың дамуы, инженерлік және жол инфрақұрылымы, денсаулық сақтау, мәдени-әлеуметтік жағдайы, идеология саласы, руханият жайы бар. Бауыржан Байбек жұртшылық көтеріп отырған мәселелердің қызығарлығын қамтамасыз ету мақсатында «Nur Otan» бастамашылық еткен «Айқын тариф» жобасының аясында бұл мәселені партиялық және қоғамдық бақылауда ұстаймыз, – деді Бауыржан Байбек. Кездесу кезінде тұрғындар басқа да түйткілдерді, соның

ҚОСЫМША ҚАРЖЫ ҚАЙДА ЖҰМСАЛМАҚ?



21 ақпан күні Түркістан облыстық мәслихатының кезектен тыс қырық алтыншы сессиясы болып өтті. Сессияда қаралатын мәселелер алын ала мәслихаттың тұрақты комиссияларында талқыланып, пысықталғандықтан, кезектен тыс сессия ұзаққа созылмады. Десекте, қабылданған шешімдер аз емес. Сонымен...

сының құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы. 5. Түркістан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 13 маусымдағы №38/415-VI «Түркістан облысы өкімдігі жанындағы «Түркістан облысының бизнесі» өңірлік үйлестіру кеңесінің дербес құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы. 6. Түркістан облысында орналасқан мемлекеттік заңды



тұлғаларға атау беру және қайта атау туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының қарауына енгізу туралы. Сессияда қаралған негізгі мәселе, әрине, мәслихаттың өткен сессиясында бекітілген «...облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу болды. Өткен сессия осында екі айдан астам ғана уақыт бұрын, дәлірек айтқанда 2019 жылдың 9 желтоқсаны күні болған. Осындай аз ғана уақыттың ішінде бюджетке өзгерістер енгізілетін қандай қажеттіліктер туды? Осындай сұрақтар сессияның алдында өткен мәслихаттың тұрақ-

ты комиссияларының мәжілістерінде көтеріліп, облыстық бюджет жобасын әзірлеген тиісті басқарма басшылары тарапынан жауаптар берілген болатын. Сөйтіп, кезектен тыс өткен Түркістан облыстық мәслихатының қырық алтыншы сессиясы 2020 жылғы облыстық бюджеттің көлемін 7,4 млрд. теңгеге ұлғайтып, 603 млрд. теңге етіп бекітті.

Облыс бюджетіне қосымша қарастырылып отырған 7,4 млрд. теңге қайдан алынады және қайда, қандай мақсатта жұмсалады? Қосымша қарастырылып отырған

қаржы, яғни 7,4 млрд. теңге «төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан түсетін трансферттер, жыл басындағы бос қалдықтар мен мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымнан түсетін түсімдер есебінен» құралатындығы тиісті құжаттарға атап көрсетілген. Ал, бұл қосымша қаралып отырған қаржы қайда, қандай мақсатта жұмсалады? Енді сол жөнінде бірер сөз.

Облыс әкімі аппаратын ұстау шығындарына қосымша 74,7 млн. теңге, материалдық-техникалық базасын нығайтуға және материалдық емес активтерді сатып алуға жалпы 86,4 млн. теңге бағытталған. Бетті дайындаған: Сейсенбай АХМЕТ



# Әл-Фараби МҰРАСЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРАДЫ

1150 жыл  
Әл-Фарабидің мерейтойы



2020 Шымкент  
ТМД ЕЛДЕРІНІҢ МӘДЕНИ АСТАНАСЫ  
КУЛЬТУРНАЯ СТОЛИЦА СНГ

Екінші ұстаз аталатын әл-Фарабиді тілге тиек еткенде еліміздегі қара шаңырақ саналар Қазақ Ұлттық университетін қапы қалдырмасымыз сөзсіз. 1993 жылы атақты энциклопедист есімін алған оқу ордасы орасан зор жауапкершілікті арқалады. 1150 жыл бұрын Отырарда туған ғұламаның шығармашылығымен танысу жолында университет профессорларының жұмысын негізге алу міндетіміз. Себебі, Қазақстандағы жалғыз Фараби зерттеу орталығы осы ордада ашылып, өз жұмысын жүргізіп жатыр. Айтулы жыл қарсаңында орталық зерттеу жұмыстарын таныстырудың жаңа бағыты таңдалған.



Сейд-ад-Дуаль Хамданидің өзі жаназасын шығарған», - дейді. Егер Фараби философиясын дәріптеуші және оны тәжірибеде қолданушы ошақ бар болуы тиіс болса, өрине, ол жоғарыда атап өткен Ұлттық университет. Бүгінде университеттердің даму революциясының 4 - кезеңіне аяқ басқан оқу ордасы, Фарабидің қайырымды қала идеясын негізге болғанда Сириядағы атақты 15 «Өә, сіз Фараби екенсіз ғой», - деп ғалымға құрмет көрсетіпті.

Айта кетейік, 2020 жылы энциклопедист ғалымның 1150 жылдығын тойлауға Президент Қ. Тоқаев Жарлық шығарған. Әлемдік өркениеттің шырақшысын ұлықтау елімізде гана емес ЮНЕСКО көлемінде атап өтілмек. Ендігі кезекте маңызды шараны бірі Сирияда Ұлттық университеттің бастамасымен ашылатын Фараби орталығы, ұстаз шығармашылығының одан өрі зерттелуіне жол ашпақ.

Ең алғаш әл-Фараби жөнінде Фарабитанушы Ақжан Машанов Чехословакиядан келген Э.Я. Кольман есімді профессордың баяндамасынан білген. Онда Орта Азия мен Қазақстаннан шыққан ғалымдардың еңбектері талданды. Осы баяндамада аталған, шығыс филологтарын зерттеген уақытта, Фараби мұрасына сілтеме жасаған ғалымдардың еңбегімен таныса отырып, әл-Фарабидің бірде-бір қолжазбасы қазақ немесе орыс тілінде жоқ екенін аңғарған Ғылым академиясының ғалымдары жаңа зерттеу жұмысын бастайды. Бұл 1960 жылдар болатын. Осы зерттеудің ізін жалғаушы Ұлттық Университет профессоры Жақыпбек Алтаев: «Біздің міндетіміз – Әл-Фарабидің бренд ретінде күллі әлемге таныту. Айтайын, Дамаскіде ғалымдар жиналатын жер болған. Сол жерге алғаш келген Әл-Фараби жиналған жұртшылықтан «Қай жерге отырайын?» деп сұрайды. «Өзіңіз қай жерге сөйкес келемін десеңіз, сол жерге отырыңыз» десеңіз ел. Сөйтсе, әл-Фараби Дамаск қаласының билеушісі Сейд-ад-Дуаль Хамданидің қаңына барып отырыпты. Жұрт ақ-таң, билеуші өз тілінде: «Осы жини біткен соң, сұрақ қоямын, жа-

уап бере алмаса, жазасын беріндер» дейді. Сонда Фараби: «Тақсыр, әліптің артын бағайық» дегені сол тілде. Әлгі кісі: «Бұл тілді қайдан білесіз?» деп таңырқапты. Әл-Фараби: «Мен 70 тіл білемін» дегені. Сонда барып орталарында тұрған адамның кім екенін таныған жұрт «Өә, сіз Фараби екенсіз ғой», -

деп ғалымға құрмет көрсетіпті. Әл-Фарабиді лауазымды тұлғалар, қала басшылары қатты құрметтеген, лауазымды қызметтер ұсынған. Бірақ Әл-Фараби өзін өмір бойы ғылым жолына арнады. Фараби 950 жылы Дамаск қаласында қайтыс болғанда Сириядағы атақты 15 қаланың басшысы қатысып,

## Әйтенов уәдесін орындады

Мегаполистің әкімі уәдесін орындады. Осыдан бір апта бұрын халыққа есеп берген Мұрат Әйтенов Тұран, Нұртас шағын ауданының тұрғындарына сөз берген болатын. Арнайы барып, инфрақұрылым мәселесін көзбен көремін деп. Бір жетіден кейін қаланың басшысы шаңы шығып, топырағы бүрқырап жатқан аймақтарды аралап шықты.

мегаполис басшысына айтылған тағы бір мәселе көшеге асфальт жақет. Қаржыға келіп тірелген өтініш мүмкіндік болса орындалады. Қорытынды есепте берілген үөденің өзінде алғашқысы орындалды. Яғни, Мұрат Дүйсенбекұлы жоспарлаған кездесуін

шегерместен, халықпен жүздесті. Ендігі іс уақыт пен қаржының еншісінде. Сондай-ақ, бұл аптада Мұрат Әйтенов шаһардағы бірқатар құрылыс нысандарының жұмысымен танысты. Қала әкімі сапар аясында Темірлан тас жолы мен

Мангелдин көшелері қиылысындағы орналасқан жерүсті жаяу жүргіншілер өткеліне барды. Айта кетсек, жаяу жүргіншілер өткелінің құрылысын мердігер «Қазнұр-контракшн» ЖШС жүргізген. Бүгінде өткелдің барлық бөліктеріне тіреулер орнатылып біткен.

Тұрғындардың шығып-түсуіне қолайлы етіп жасалған, жүргіншілер ары-бері кедергісіз өтіп жатыр. Құрылыс нысанында жерасты коммуникациялар мен ирригациялық жүйе, жедел-тамық орнатылған. Қала әкімдігіндегі жауапты мамандардың айтуынша, өткел алдағы наурыз айында толық пайдалануға берілмек.

Тұрғындар күткен өкім түс уақытында келді. Жергілікті жердің халқы бірден әлеуметтік мәселесін айтып, шешімін таппаған инфрақұрылымның жағдайын талқылады. Өзірге 4000 тұрғыны бар Тұран шағын ауданына қоғамдық көлік қатынап жүр. Бірақ жолы қыс пен көктемде лайбатпақ болып жатса, жазда шаңы бүрқырайды. Бұл аймақтың жарығы мен газы жекенің меншігінде болғандықтан бірде көл, бірде шөл. Мезі болған халыққа жергілікті билік 2021 жылға дейін жол, су, газды шешуге тырысамыз деп уағдаласты. Қазіргі таңда Тұран шағын ауданына судың құбыры тартылып жатыр. Екі кезеңмен жүретін жұмыс биылғы жылдың басында басталды. Алғашында Сайрам ауданының құрамында болған бұл аймақта мәселе шаш етектен екен. Белсенді тұрғындар мен қариялар инфрақұрылымның тағдырын өкіммен әбден

талқыға салып, кездесу бір сағатқа жалғасты. Жауапты басқарма басшыларымен айтысып-тартысқан тұрғындарды Мұрат Дүйсенбекұлы тоқтатып, жұмыстың жүйесін өзі түсіндіріп берді. Халқымыз «түсі игіден түңілме» дейді. Әйтенов ашуга берілген тұрғындардың арқасын қағып, көтерілген мәселелердің шешімін айтты. Алдағы үш жылда инфрақұрылым мәселесі 99 пайызға шешілетін болып жоспарлануда екен. Түскі уақытын халықпен кездесуге жоспарлап қойған қала әкімі мұнан кейін Нұртас шағын ауданына барды. Бұл мекендегі тұрғындарды мазалайтын сұрақ ел аузында аталып кеткен «сасық көл». Баспаналар салынып, тұрғындар тұрып жатқан Нұртастағы ағайынның өтініші осы сасық көлдің көзін құрту. Өкім бұл мәселе бойынша үөде берді. Биыл шешімін таппақ. Батпағы бар тас жолмен жаяу жүрген



## ТАУАРЛАРҒА ІЛЕСПЕ ТӨЛҚҰЖАТЫ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

месе) тиіп-жөнелту кезінде; 2) тауарларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелу кезінде; 3) тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына әкелу кезінде ТІЖ-ды ресімдеу тәртібін

сақталуын бақылауды жүзеге асырады. ТІЖ-ды ресімдеу жөніндегі міндеттеме мынадай мерзімдерде: 1) тауарларды Қазақстан Республикасының аумағымен алып өту, өткізу және (немесе) тиіп-жөнелту кезінде – тауарларды алып өту, өткізу және (немесе) тиіп-жөнелту басталған күннен кешіктірілмей; 2) тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына: Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағына әкелу кезінде – тауарлар еркін айна-

лысқа шығарылған күннен кейінгі күннен кешіктірілмей; Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан әкелу кезінде – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен күннің алдындағы күннен кешіктірілмей; 3) тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына әкелу кезінде – тауарларды алып өту, өткізу және (немесе) тиіп-жөнелту басталған күннен кешіктірілмей туындайды. **Ақжібек МЕЙІРБЕКОВА,** Қаратау аудандық Мемлекеттік кірістер басқармасының Салықтық бақылау бөлімінің бас маманы

Инновациялық-технологиялық колледжінде «Әлемнің екінші ұстазы атанған» Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдығы салтанатты түрде бастау алды. Фараби бабамыздың тұлғасы мен мұрасы және ғылымның дамуына қосқан үлесі, жастарды парасаттылыққа, қайырымдылыққа, әділдікке және ғалым еңбектерін насихаттауға, оны ұлықтау мақсатында өткен іс-шарада студенттер домбыра тартып, би билеп, ән айтты. Сахнаға шыққан студенттер Әл-Фарабидің нақыл сөздері мен өлеңдерін оқыды, ғұламаның өнегелі өмірі туралы бейнероликтер көрсетілді.



## ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ЕСІМІ НАСИХАТТАЛДЫ

Мерейтой аясында жастар арасында ойнайтын шығармашылығы бойынша байқау жариялау, ғылыми конференция, зияткерлік ойын, әдеби-танымдық кештер және «Ұлы бабаға тағзым» атты Әл-Фарабидің туған жері Отырар-Түркістанға сапар ұйымдастыру, тағы басқа шаралар қарастырылған.

Ұлы ойшылдың мерейтойы қарсаңында колледж студенттері Әл-Фарабидің қайырымды қоғам туралы ілімін жалғастыру ниетімен елімізде студенттер арасында әлеуметтік желіде бастау алған «QAIYURMDY QOGAM» деп аталатын заманауи челленджін жалғастырды. Фараби мерейтойы ашылу салтанатының соңы «Отырар» қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасының ұйымдастыруымен «Әбу Насыр Әл-Фарабидің педагогикалық мұрасы және Рухани жаңғыру» айдарымен кітап көрмесіне ұласты. Бабалар жолын жаңғыртып, оларға тағзым ету, құрмет көрсету - бүгінгі ұрпақтың басты парызы! **Нүрия ТОГУЗБАЕВА,** Инновациялық-технологиялық колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

### Хабарландыру

«Қазақ әуендерінің орындаушылары» РҚБ-нің атқарған қызмет нәтижесімен жиналған сыйақылар сабақтас құқықтар объектілерінің субъектілеріне бөлінді. Егер, орындаушысы немесе фонограмма шығарушысы немесе құқық иеленушісі болып және сыйақы алуға құқылы болсаңыз, онда өзіңіздің атыңызға бөлінген сыйақы көлемі туралы мәліметті Бірлестіктің есеп бөлімінен немесе электрондық адресінен біле аласыз. Бірлестіктің орналасқан мекен-жайына келу арқылы бөлінген сыйақыны қолма-қол алуға болады. Сонымен бірге, міндетті түрде жеке басыңызды куәландыратын құжат пен орындаушылыққа немесе фонограммаға құқығыңызды дәлелдейтін құжат болуы қажет екендігін мәлімдейміз. Бөлінген сыйақыны банктер арқылы алу үшін, аталған құжаттардан бөлек 20 таңбалы мәліметі бар есеп-шотыңыз туралы құжат қажет.

Бірлестіктің мекен жайы: ҚР, Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Қайтпас м/а, Амангелді көшесі, 22 үйі, Тел./факс: 8-7252-49-31-81 **Толық мәлімет: goo-ikp.kz сайтында**

### Объявление

По результатам деятельности РОО «Исполнители казахских песен» собранные жиналған сыйақылар распределены субъектам объектов смежных прав. Если, являетесь исполнителем, производителем фонограмм или правообладателем объектов смежных прав и имеете право получить распределенное вознаграждение, то можете узнать об объеме распределенных вознаграждений с отдела бухгалтерии или электронного адреса Общества. Обратившись лично в Общество можно получить распределенное вознаграждение. При этом, необходимо иметь документ удостоверяющий личность и документ подтверждающий право на исполнение или фонограмму. Для получения распределенного вознаграждения через расчетный счет, кроме указанных документов нужен документ с 20 значным номером банковского расчетного счета. Место нахождения Общества: РК, город Шымкент, Каратауский район, мкр.Кайтпас, ул.Амангельды дом 22 Факс/телефон: 8-7252-49-31-81 **Подобная информация на сайте: goo-sap.kz**

### Хабарландыру

«Авторлар әндерінің одағы» БҚБ-нің атқарған қызмет нәтижесімен жиналған сыйақылар авторларға бөлінді. Егер, туындының авторы немесе құқық иеленушісі болып және сыйақы алуға құқылы болсаңыз, онда өзіңіздің атыңызға бөлінген сыйақы көлемі туралы мәліметті Бірлестіктің есеп бөлімінен немесе электрондық адресінен біле аласыз. Бірлестіктің орналасқан мекен-жайына келу арқылы бөлінген сыйақыны қолма-қол алуға болады. Сонымен бірге, міндетті түрде жеке басыңызды куәландыратын құжат пен туындыға құқығыңызды дәлелдейтін құжат болуы қажет екендігін мәлімдейміз. Бөлінген сыйақыны банк арқылы алу үшін, аталған құжаттардан бөлек 20 таңбалы мәліметі бар есеп-шотыңыз туралы құжат қажет. Бірлестіктің мекен жайы: ҚР, Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Қайтпас м/а, Амангелді көшесі, 22 үйі, Тел./факс: 8-7252-49-31-81 **Толық мәлімет: goo-sap.kz сайтында**

### Объявление

По результатам деятельности РОО «Союз авторов песен» собранные вознаграждения распределены авторам произведения. Если, являетесь автором произведения или правообладателем и имеете право получить распределенное вознаграждение, то можете узнать об объеме распределенных вознаграждений с отдела бухгалтерии или электронного адреса Общества. Обратившись лично в Общество можно получить распределенное вознаграждение. При этом, необходимо иметь документ удостоверяющий личность и документ подтверждающий право на произведение. Для получения распределенного вознаграждения через банк, кроме указанных документов нужен документ с 20 значным номером банковского расчетного счета. Место нахождения Общества: РК, город Шымкент, Каратауский район, мкр.Кайтпас, ул.Амангельды дом 22 Факс/телефон: 8-7252-49-31-81 **Подобная информация на сайте: goo-sap.kz**

Салтанатты көсіпкөй өртіс жүргізді. Бірінші болып Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Құттықтау хатын оқып берді. Онан соң сахнаға Алматы қаласының Әкімі В.Храпунов шығып, қысқаша сөз сөйлеп, салтанатты мөжілісті ашып. Байандаман академик Баймухамедов жасады. Басы қазақша, аяғы орысша, мазмұны Д.А.Қонаевтың тұлғасына, еңбегіне, халық арасындағы абыройына лайықты болмаған баяндаманы көпшілік құлықсыз қабылдады. Мұнан кейін мінбеге шыққан С.Жиенбаев, В.Шалов, тағы басқалар өте әсерлі сөздер айтып, жұртты өздеріне қаратып алды. Маған кезек келгенде, сахнаның жарығынан зал көрінбей, жазып алған сөзімді салмақтап оқып бердім. Ол төмендегідей еді:

Құрметті бүгінгі салтанат қатынасусшылары!  
Қадірлі той басшылары!  
Димаш Ахметұлының тұтан-туысқандары!  
Ташкенттегі Д.А.Қонаев және Ш.Рашидов атындағы қорлардың атынан, ұлы ағамыздың 90 жылдық мерейтойымын шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіздер!

Орта Азияның жүрегі аталған ежелгі тас қала, қазіргі қас қалада жасаушы бауырларыңыздан жалынды сөлем жолдауға рұқсат бергейсіздер!  
Қадірлі достар!

